

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_»  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» 20 \_\_ года

2024 жылғы 24 қаңтарда жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Ә.А. Смайыловқа

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Әлихан Асханұлы!

Менің депутаттық сауалымға негіз болып отырған күрделі әрі көкейтесті проблема бұл – еліміздегі даала жануары киіктердің мәселесі. Халқымыз үшін киіктің орны қашанда ерекше. Сонау Кеңестер Одағы кезінде Сарыарқа мен Бетпақты және батыс Қазақстан аймағын мекендеген ақбөкендер миллиондаған пүт астық өткізген еліміздің диханшыларына еш кедергі болмаған еді.

Ал тәуелсіздік алған 30 жыл көлемінде киіктердің басы азайып кеткенине қуә болдық. Ол кездегі басты себеп – браконьерлердің көбеюі, киіктедегі қараусыз қалуы, мемлекеттік реттеу функциясының істен шығуы болып табылады.

Соңғы 5 жылдың көлемінде ақбөкендерге байланысты салалық министрліктің тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізіліп, «Охотзоопром» мекемесі аталған жануарларды қорғауды жақсылап қолға алды.

Заңсыз аңшылықпен айналысушы топтардың жұмыстарына балта шабылды. Мүйіз өткізу, етін сату секілді заңсыз тауар айналымдарына тосқауыл қойылды. Заң күшейді. Нәтижесінде киіктің басы қайтадан 2 милионнан асып жығылды.

Былтырғы жылдың мамыр айында киіктедің көбеюіне байланысты «Ауыл» партиясына ұсыныспен келген бір топ шаруалардың жан айқайы

ескерілді. Арнайы депутаттық сауал жолданып, соның негізінде киіктөр популяциясын реттеу бойынша ұсыныстар берілді.

Біле білсөніздер, соңғы жылдары диханшылар киіктің көбеюі салдарынан 20 миллиардқа дейін шығынга ұшырап отырғанын көтерілді.

Салалық министрлік киіктөрдің санын 700-800 мыңдан аспауы тиіс, егер екі есе көбейген жағдайда шаруалардың жайылымдық жерін айтпағанда егістіктөрдің жағдайы мүшкіл болады, ал егіннің артында шаруалардың милиардтаған қаржылары бар екені тағы шегеленді.

**Қазіргі кезде киіктөрдің басты мәселесі неде?!**

Біріншіден, киіктөрдің саны бұрындары да көп болды. Бірақ шаруалардың дихан жері тапталмай, бәрі онды реттелетін. Осыдан шығатын түйіндеме – киіктөрдің көшетін, қоныс аударатын миграциялық жолдарының бәрі соңғы 30 жылда жергілікті әкімдіктердің қолымен жекеменшікке сатылыш кетті. Бұгінгі күнде мұндай миграциялық жолдар мұлдем жоқ.

Сондай-ақ, жолдардың барлығында еліміздің инфраструктурасын жақсарту үшін жаңа темір мен көлік жолдары пайда болды. Олардың барлығы көлік қауіпсіздігі үшін темір торлармен жасақталды.

Халықаралық стандарттарға сәйкес осы жолдарың бәрінде үй және жабайы жануарлар өтетін үлкен тунельдер болуы шарт еді. Салдарынан ақбекендер өздерінің қоныс аударуға тиіс жерлерін тастан басқа жолдармен жүре бастады. Нәтижесінде бұл диханшылардың басты проблемасына айналды. Соны реттеуіміз керек.

Екіншіден, ғалымдар мен жауапты министрлік арасындағы ғылыми байланыс толығымен үзілген. Киіктөрдің көбеюі кезеңінде қандай популяцияның жылдам көбейіп бара жатқандығын зерттейтін ғалымдар да, бұған тапсырыс беретін министрліктің мамандары да қалмады. Осының біріздендіру қажет.

Үшіншіден, киіктөр буаз болған кезеңдерде көктем мен күз айларында жүздеген шақырымға дейін миграция жасайды. Осы 2023 жылдың күзінен киіктөрдің санын 230 мың басқа азайту туралы тапсырма берілді.

Қазіргі кезеңде киіктөрдің барлығы буаз. Атылған киіктөрдің ішінен екі, үш бас лақтар шығып жатыр. Егер дала жануарлары 5 айда төлдейтінін ескерсек, мамыр айында барлығы дерлік төлдеп болады. Сондықтан, оларға уақытында төлдеуге мүмкіндік берілсін.

Оған қоса, қазір киіктөрдің барлығы дерлік арық болғандықтан, оларды ет комбинаттарының өзі алмай отыр.

Сондай-ақ, соңғы күндері Ұлытауда болған «Охотзоопром» жауапсыздығын көрдік. «Охотзоопром» мекемесінің инспекторлары мен халық арасында текетірес басталды. Осындай негізгі себептерді ескере отырып, киіктерді буаз кезеңде атуды тоқтатып, мемлекеттік реттеудің жаңа тәсілдерін ұсынуыныңды сұраймыз.

Саудаға заңнамамен белгіленген мерзімде жауап беруінізді сұраймыз.

***Құрметпен,***

**«Ауыл» ХДПП партиясы  
фракциясының депутаттары**

**Е. Саурықов  
А. Баққожаев  
Қ. Әбден  
Ж. Даирбаев  
С. Егізбаев  
Н. Арсютин  
А. Зейнуллин  
Т. Серіков**

**«АМАНАТ» партиясының фракция депутаттары**

**М. Ескендіров  
Г. Нұрымова  
Б. Нажметдинұлы  
Р. Кожасбаев  
А. Құспан  
Д. Исабеков**

**«Қазақстан Халық Партиясы»  
партиясының фракция депутаты**

**И. Смирнова**

*Орынด. А. Байжанова  
тел. 74 63 92*